

Назарбек Ж.А.  
**Еліміздегі діни ахуал  
мәселелері: әлеуметтанулық  
талдау**

Мақалада бүгінгі күні елімізде қалыптасқан діни ахуалды ескере отырып, оның белен алу факторлары ретінде әлеуметтік ортаның жабы, қоғамның рухани-өнегелі саулығы, әлеуметтік-психологиялық себептер және т.б. мәселелер қарастырылады. Жаһандану жағдайында және халықаралық байланыстардың ілгері өсу үдерісі айқын көрінген шақта, жаһандық геосаяси үрдістердің, сонымен қатар көрші аймақтардағы, әсіресе ТМД елдеріндегі, Орталық Азия және Таяу Шығыстағы ахуал Қазақстанға әсер етпей қоймайтыны анық. Себебі кейбір көрші елдерде әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды басынан өткеріп жатқандығы және көптеген факторларды ескере отырып конфессияаралық қатынасты қалыптастыру керектігі туралы және сыртқы қауіп еліміздегі жағдайға кері әсерін тигізбеуі қажет. Сонымен қатар, ғылыми мақалада діни үдерістің динамикасы, қазіргі діни жағдайдың және оның өзгеру себеп-салдары, мемлекеттік-конфессионалды қарым-қатынастың ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, еліміздегі діни ахуал және радикалды діни ағымдардың туындауына себеп болатын негізгі факторлар бойынша қоғамдық пікірді жалпы бағалау, азаматтардың алаңдаушылық деңгейі мен жеке қауіпсіздік дәрежесін бағалау жөніндегі мәселе бойынша қоғамдық пікірді талдау үшін жүргізілген әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері жарияланған. Яғни, «Еліміздегі діни ахуал» тақырыбындағы кешенді әлеуметтанулық зерттеудің қорытындылары ұсынылған. Нәтижесінде еліміздегі діни ахуал мәселелері мемлекет тарапынан қолданылып жатқан іс-шараларға қарамастан, кейбір ағымдарға заңдық тұрғыда шектеу қойымаса тиімсіз болып отыр деген тұжырым беріледі.

**Түйін сөздер:** әлеуметтану, дін, діни ахуал, діни ағым, идеология, ислам, қоғам, психология, радикал, экстремизм.

Nazarbek Zh.A.  
**The religious situation in our  
country: sociological considers**

In this article, discusses the religious situation in our country, the main considered factors such as the situation of the social environment, social and spiritual development, the causes of social and psychological problems, etc. In the context of globalization and growth of international contacts it has become apparent that the situation in Kazakhstan is influenced by global geopolitical trends and events in the neighboring regions, especially in the CIS, Central Asia and the Middle East. Since some of the neighboring countries are experiencing serious social and economic difficulties, it is necessary to take into account this factor in the formation of policy in the sphere of inter-confessional relations. External threats must not negatively affect the situation in the country. During the years of independence Kazakhstan has fundamentally changed their attitude to religion: both at the level of the whole society, and at the level of state-confessional relations. Kazakh society in a substantial part of its positioning itself religious. Religion has come to play a significant role in social development, in maintaining stability of Kazakhstan society. It demanded that the state building adequate relations with religious associations, church-state relations have risen to a number of the most important for the Republic of Kazakhstan. According to the author of the modern religious situation in Kazakhstan is characterized by the weakening of the influence of traditional religions in the society due to prolonged religious - spiritual vacuum that occurred in the Soviet period in the history of Kazakhstan. Recently there has been a purposeful penetration into the territory of Kazakhstan non-traditional Islamic and Protestant religious associations, as well as new cults which have a destructive character. The activities of most of these associations, which proclaim their goals total «Islamization» or «evangelization» of Kazakhstan, coordinated and funded by foreign centers. The scope of activities of destructive religious associations recently increased. The article is devoted to the analysis of dynamics in religious processes, sources of changes and the contemporary religious situation, peculiarities of interaction between religious associations and the state. In addition, this paper presents the survey results, the problem of the religious situation in the country, the main factors of radical religious movements, public opinion analysis, evaluation of the level of civil unrest and assessment of personal safety. The author presents the results of the comprehensive social research «The Religious Situation in our country». As a result, despite the measures undertaken by the State against certain radical movements, laws regarding the activities of these organizations religioznyh must be rigid and not carried out efforts will be in vain.

**Key words:** sociology, religion, the religious situation, religious movements, ideology, Islam, society, psychology, radical, extremism.

Назарбек Ж.А.  
**Религиозная ситуация в нашей  
стране: социологический  
анализ**

В статье рассматривается религиозная ситуация в нашей стране, основные факторы, такие как ситуация социальной среды, общественно-духовное развитие, причины социально-психологического характер и т.д. Также в статье анализируется динамика религиозных процессов, источники изменений и современная религиозная ситуация, особенности государственно-конфессиональных отношений. Приведены результаты проведенного опроса, рассмотрены проблемы религиозной ситуации в стране, основные факторы возникновения радикально-религиозных течений, дан анализ общественного мнение, оценки уровня гражданского спокойствия и оценки уровня личной безопасности. Представлены результаты комплексного социологического исследования «Религиозная ситуация в нашей стране». В результате несмотря на меры, проводимые со стороны государства против некоторых радикальных течений, законы в отношении деятельности этих религиозных организаций должны быть жесткими, а иначе, проводимые усилия будут напрасными.

**Ключевые слова:** социология, религия, религиозная ситуация, религиозные движения, идеология, Ислам, общество, психология, радикальный, экстремизм.

## ЕЛІМІЗДЕГІ ДІНИ АХУАЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздағы барлық салаларда терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан ел болып, еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әртүрлі діни идеялар толтыруға әрекеттенді. Елімізде бұрын естімеген «жаңа діндердің» пайда бола бастауы – елдің діни өміріндегі жаңа құбылыс болды. Дінсіз мемлекет идеясын ұстанған елдің тығырықта тұрғанын ұтымды пайдаланған шетелдік миссионерлер өз тамырларын тереңге жіберіп үлгерді. Бұл діни идеялардың Қазақстан халықтарының рухани сезімдерімен үйлесетіндері де, үйлеспейтіндері де бар.

Географиялық орналасуы мен тарихи даму ерекшеліктеріне орай Қазақстан мұсылмандық діни сенімді, ислам мәдениетін қабылдағаны тарихтан белгілі. Мұсылмандық жергілікті қазақ халқының санасында берік қалыптасып, салт-дәстүрмен араласып, олардың үстем діни сеніміне, дүниетанымына, рухани-мәдени байлығының бөлінбес бөлігіне айналды [1]. БАҚ өкілдері Қазақстан халқының 75% ислам дініндегі мұсылман қауымы деп көрсетеді. Орта Азия, соның ішінде Қазақстан мұсылмандары ислам тағылымындағы Әбу Ханифа мазхабын ұстанушылар болып табылады. Басқаша айтқанда, ханафилік бағытта. Ал, бұл бағыт суннадағы басқа бағыттарға (шафиғи, малики) қарағанда неғұрлым толерантты, демократиялық, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана заңдарымен, дәстүрлі нормаларымен санасады.

Ал, енді Қазақстанның егемендігіне нұқсан келтіру мақсатында саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді шайқалтуды көздейтін, еліміздің барлық аумақтарында өз белсенділіктерімен ерекшеленіп тұрған радикалды исламдық сипаттағы ағымдар пайда болды.

Исламдық бағыттағы кейбір ағымдардың қауіпті жақтары төңірегінде айтатын болсақ, соңғы жылдары Орталық Азия

аймағында қауіпсіздік деңгейінің төмендей түскендігі байқалуда. Осы аймақта орналасқан мемлекеттердің көпшілігінде экстремистер билікке қолжеткізу үшін қарулы қақтығыстарға баруда. Оның салдары Қазақстанда да білініп отыр. Көбіне ешкімге елеусіз діни сипаттағы оқиғалардан көруге болады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Екі нәрседен – діни дүмшелік пен діни фанатизмнен сақтану керек» деп ескерткен болатын [2, 152 б.]. Діни фанатизм тыныш елдің ойранын шығарып, араға жік туғызып кетеді.

Кешегі күнге дейін Қазақстанда діни экстремизмнің төндіретін қауіпіне жеткілікті назар аударылмай келді. Ал, жекелеген аймақтарда орын алған оқиғалар назар аударуды талап етеді. Бүгінгі таңда олардың қарқындауының ішкі себептеріне ықпал ететін келесі пайымдауларды келтіруге болады:

*Біріншіден, әлеуметтік ортаның жайы* – халықтың білім деңгейінің төмендігі, қылмыстың өсуі, жастар арасында криминалдық қақтығыстардың көбеюі және сыбайлас жемқорлыққа ұшырауы. Мысалы, исламның радикалды бағытын ұстанғандардың басым көпшілігінің әлеуметтік базасы – жұмысы жоқ, ақылы білім алуға жағдайы жоқ (*немесе мемлекетке қызмет істеуді «харам» санайды*) жастар, қаладағы ауылдық мигранттар және т.б. Олар тек, өздерінің діни ағымының ықпалының өсуі зорлық емес әдістерді ресми мәлімдеумен, исламның күнделікті өмірде әлеуметтік біртектілікке, әлеуметтік әділеттікке бағытталғаны туралы тезистерді жариялаумен байланысты.

*Екіншіден, қоғамның рухани-өнегелі саулығы* – Кеңес үкіметі тарқағаннан кейін пайда болған идеологиялық күйзеліс халықтың негізгі бөлігін заңды түрде рухани ізденіске алып келді, өз кезегінде, діни топтармен тиісті өңдеудің нәтижесінде халықтың біршамасы дәстүрлі емес діни ұйымдар қатарына, кейін ақырындап радикалданып ауытқи бастады, олар үшін «дінге деген жаңа көзқарас» өзгеше жаңа идеологиялық бағдар болып табылды. Бұл үдерістерде аталған дәстүрлі емес топтардың жетістіктері үшін халықтың негізгі бөлігінің сауатсыздығы басты фактор болып табылды.

Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, деструктивті топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық им-

мунитет» қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде ұлттық идеяны насихаттайтын жобалар мен бағдарламалар өзекті бола түседі. Мұнда дін мәселесіне қызығушылық танытатын жастар, дінаралық сұхбаттастықты нығайту, діни сауаттылықты көтеру, діни радикализмнің алдын-алу секілді түйткілді мәселелерге өз көзқарастарын қалыптастырып, оларды шешу бағдарламаларының жобасын дайындау секілді мәселелермен айналысады.

*Үшіншіден, психологиялық себептер* – тұлғалығында белгілі бір өзгеріс бар және қандай да болса әдіспен өзін танытуға ұмтылған жастар пайда болды. Қазіргі таңда жұртшылықты өз қатарына тарту үшін дәстүрлі емес діни ағымдар тарапынан жаппай гипноз, физикалық күш қолдану секілді әлеуметтің қарсылығын тудыратын әдіс-тәсілдер қолданылмайды. Өйткені, жастарды құрылған торға түсіруге дәстүрлі емес діни ағымдарға психологиялық баурау мен әлеуметтік топтасу әдістері де жеткілікті.

Дәстүрлі емес діни ағымдар өздерінің болашақ ерушілерін аса білгірлікпен тандап алады. Олар Сізді өзінің ағымына шақырмас бұрын жинақталған тәжірибеге сүйенеді. Сіздің әлеуметтік жағдайыңыз, отбасылық әлеуетіңіз, басыңыздағы мал-мүлік, барлығы да есепке алынады. Осы жинақталған ақпараттардың негізінде сол теріс ағымның мүшесі болуға сәйкестігіңіз қаралады.

Дәстүрлі емес діни ағымдарға азаматтарымыздың мүшелікке енуінің себептері төмендегідей:

- ақпараттық кеңістікте сараланбаған ақпараттың көптігінен туындаған салғырттық;
- ақпараттың көптігінен жүйелі шешім шығаруға қабілетсіздік;
- қордаланған әлеуметтік мәселелердің жиынтығы;
- әлеуметтік өмірдің психо-физиологиялық ауыртпалығы;
- саналы ойлауға жүгінуге қабілетсіздік;
- азаматтардың өз өміріне мағына беруге талпынысынан саналы түрде бас тартуларға баруы.

Осы себептер анықталған соң дәстүрлі емес діни ағымға тарту әрекеттері басталады. Бұл әрекеттер белгілі бір әдіс-тәсілдердің қолдануынан көрінеді. Бұл әдістер қарапайым, қолданыста тиімді және адамның үш қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Яғни: адамның әлеуметтік топтасуға қажеттілігі, құрылым ішіндегі беделді болуға талпынысы және қоршаған ортаға деген маңыздылығы. Адамның осы үш қажеттілігінен туындаған тәсілдер дәстүрлі емес діни

ағымдардың сізді өз қатарына оңай баурауының құралы.

Бұл аспектіні бірқатар радикалды бағыттағы дәстүрлі емес діни топтар пайдаланады және жүзеге асырады. Сондай-ақ, Қазақстандағы діни қақтығыстар немесе діни экстремизмнің өзекті мәселелері қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық мәселелерімен тығыз байланысты. Елде байқалып отырған өсу, тоқмелісу Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндігі мен шектерін анықтайтын басты факторларды талдау барысында зерттеушілерді алаңдатпай қоймайды.

Радикалды діни ұйымдар қызметі жандануының себептері біздің қоғамның экономикалық, саяси, өнегелік, білім жағдайымен тікелей байланысты. Экстремизм мен терроризмнің әлеуметтік түп тамыры экономикалық және әлеуметтік теңсіздікте жатыр.

Осындай теңсіздікті толығымен жою мүмкін емес, дегенмен орта тапты құру қазіргі кездегі мемлекеттік құрылым тұрақтылығының кепілі болар еді. Байлар мен кедейлер арасында алшақтаудың өсу қауіпі, халықтың демографиялық жағдайы мен оның сапалық сипаттамалары, мемлекеттің әлеуметтік дамуына күрделі мәселе туғызып отыр. Әлеуметтік саясаттың қалған құрамдас бөліктері – жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, адам ресурстарының жағдайы мен сапасына байланысты және тәуелді. Діни қозғалыстарға әсіресе жастардың кеңінен тартылуының басты әлеуметтік-саяси себептерінің бірі жұмыссыздық мәселесі, әлеуметтік қорғалмаған еңбекті заңсыз көлеңкелі нарықта пайдалану. Жекелеген экономикалық болашақтың болмауы қоғамдық топтардың діни экстремизм идеяларын қабылдауын арттырады. Діни экстремизмнің өсуі мен таралуының қуатты факторына жұмыспен қамту мәселесі жатады. Одан кейінгісі демографиялық фактор және онымен байланысты халықтың миграциясы. Белгілі бір экономикалық жетістіктерге жеткен Қазақстан үшін көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен салыстырғанда бұл мәселе айтарлықтай күрделі және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесімен байланысты.

Сондай-ақ, оқу жасындағы жастардың дәстүрлі емес наным-сенімге қызығушылығы, соның ықпалына түсушілігі арта түсуде. Оның бір себебі – білім беру жүйесіндегі әкімшіліктің жастар арасындағы тәрбиелік және идеялық-насихаттық жұмыстарының нашарлығы, оқу орнынан тыс жерде де тиісті бақылаудың жоқтығы деуге болады. Осыдан келіп жастардың ислам

нышандары мен атрибуттарына өзгеше мән беріп еліктеулері, «сәнді» діни ислам терминдерін қолдануы, «бауырлар» тәрізді ерекшеленген жастар тобын құруы пайда болып, аяғы дәстүрлі емес діни жамағаттарға ұласады.

Қазіргі әлеуметтік ортада, оның ішінде қалалық өмірде жалғыздық мәселесі өзекті. Жалғыздықты сезінген жас буын өкілдері, қызметтік өсуді, басқа да материалдық игіліктерді басшылыққа алған орта буын өкілдері, үйде отырған қарт адамдар әлеуметтен алшақтап кеткендігін айтады. Дәстүрлі өмір салтын ұстанатын отбасылардың өзінде де әлеуметтік өмірдің күйбеленінен жақын адамдарға уақыт бөлінбей жатады. Осы кезде адамдарда әлеуметтік топтасуға деген қажеттілік туындайды. Бұл қажеттілікті өз кезегінде дәстүрлі емес діни ағым өкілдері тиімді қолданады.

Әлеуметтік топтасуға деген қажеттілік – өзге адамдармен эмоционалды қарым-қатынас құрудан өзгеше дүние. Адам әлеуметтік ортамен берік қарым-қатынас пен топқа деген адалдықты қажетсінеді. Дәстүрлі емес ағым басшылары осы қажеттілікті жақсы біледі, «махаббатпен, жылылықпен» баурайды. Сізді өзінің «достығын» ұсынған, «тыңдайтын», «түсінетін» адамдар қоршай бастайды. Бұл ағымның мүшелігіне енгеніңіз құпталып, мадақтау сөздерді ести бастайсыз. Осы секілді қолдау әрекеттері ағымға мүшелікке жана еңген адамдарға ұнағаны соншалық, кейде олар отбасыларынан, достарынан да бас тартып жатады [3].

Басқа дінге немесе идеологияға кетуге итермелейтін идеялардың пайда болуына алып келетін ортаның бірі жоғарыда айтып өткендей, яғни ауыл халқының өмір сүру деңгейінің төмендігі болып табылады, осыған байланысты табыс көзін іздеу үшін көбісінің қалаға қоныс аударуы, белгілі мамандық иесі және білімі болмай, тұрмыстық жағынан теңсіздікке ұшырап, нәтижесінде діни экстремизмді насихаттаушылардың объектісіне айналады. Құрастырылған идеологиялық жұмыс әсер етудің мақсаттық топтарын жіктеу бойынша жүргізіледі, болып жатқан оқиғаларға дұрыс әрекет етуге және сәйкесінше әлеуметтік жүріс-тұрыс түрін қолдануға жол бермейтін әлеуметтік әдепсіздік пайдаланылады. Сонымен қатар, әлеуметтік әдепсіздік жекелеген жағдайларда зұлматқа, алдамшылыққа алып келетін жақсы реттелген механизм көмегімен қасақана қолданылады (біздің қоғамда ата-анасы діни фанатиктер болып табылатын өз балаларына жедел медициналық көмек көрсетуден бас тартып (вакцина алмау, дәрі қабылдамау,

қан құймау және т.б.), балалары қайтыс болған оқиғалар кездеседі).

Жоғарыдағы баяндалғандарды зерделей келе, 2015 жылдың екінші жартысында еліміздегі діни жағдайға деген көзқарастарды зерделеу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргіздік.

Зерттеудің міндеттері:

– еліміздегі діни ахуал және радикалды діни ағымдардың туындауына себеп болатын негізгі факторлар бойынша қоғамдық пікірді жалпы бағалау;

– азаматтардың алаңдаушылық деңгейі мен жеке қауіпсіздік дәрежесін бағалау жө-

ніндегі мәселе бойынша қоғамдық пікірді талдау болды.

Сауалнама респонденттері болып Алматы қаласының 18-75 жас аралығындағы 239 тұрғындары қатысып, (жас ерекшеліктері: 41% – 18-24 жас аралығында, 31% – 25-34 жас аралығында, 16% – 35-44 жас аралығында, 12% – 45-70 жас аралығында) сұрақтарға жауап берді.


«Сіздің ойыңызша, Қазақстан аумағында діни ахуалдың күрделенуіне қандай жағдайлар ең көп дәрежеде себепші болады?» деген сауал қойылды (1-сурет).



1-сурет – Қазақстан аумағында діни ахуалдың күрделенуіне себеп болатын жағдайлардың көрсеткіші

«Экстремизм, исламизм, радикализм, терроризм құбылысының таралуына байланысты қазіргі кезде қандай жағдай


ең зардапты деп ойлайсыз» деген сауалға респонденттер төменгідей жауап берді (2-сурет).



2-сурет – Экстремизм, исламизм, радикализм, терроризм құбылысының таралуына себепші жағдайлардың ең зардапты көрсеткіші

Қазақстандағы діни ахуалды оңалдыру бағытында радикалды діни ағымдармен күресте құқық қорғау органдарының іс-әрекеттері қаншалықты толық және жүйелі болғанымен, тұрғындар тарапынан көмек болмайынша жүргі-

зілген жұмыстардың тиімділігі мардымсыз күйде болатыны түсінікті. Осы тұста «радикалды діни ағымдармен күресте қандай күш қолданбайтын әдіспен шаралар атқарылуы керек?» деген сұрақ туындайды (3-сурет).



3-сурет – Радикалды діни ағымдарға қарсы іс-қимыл саласындағы тиімді іс-шаралардың көрсеткіші

Зерттеудің қысқаша қорытындыларын шығара отырып, зерттеуге қатысқандардың арасында еліміздегі діни ахуалдың өте күрделі екенін және қазіргі күрделенген геосаяси жағдайда діни экстремизм және терроризммен күресті өте өзекті деп санайтын респонденттердің саны басым екенін атап өту керек. Респонденттердің көпшілігі исламның радикалды ағымдарының әрекеттерін алдын-алу қажетті және дер уақытында шаралар қолдану керек деп есептейді.

Ойымызды қорытатын болсақ, қазіргі кезде еліміздегі діни ахуалға қарсы іс-қимыл мәселесі нақты діннің болмысында таралуы-

ның себептерін ескермейді. Өйткені барлық радикалды орта ол, негізінен исламдық сипаттағы ағымдар ортасы, бірақ оларға қарсы мемлекет тарапынан ешқандай шара қолданып жатқан жоқ. Халықтың көпшілік бөлігі, әсіресе халықтың жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген топтары, этникалық диаспоралардың өкілдері, жұмыссыз жастар, аудандар мен ауылдық аймақтардың тұрғындары мұны өзбетімен қамтамасыз ете алмайды. Соңғы жылдары елімізде орын алған бірнеше терактілер, болған уақиғалар халықтың осы бөлігінің мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалғанын көрсетті.

#### Әдебиеттер

- 1 Мұқан І. Қазақ ислам дінін қашан қабылдаған? // <http://old.abai.kz/content/mykhan-isakhan/>
- 2 Назарбаев Н.А. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 532 б.
- 3 Ибраев Р. Деструктивті діни ағымдардан адамның әлеуметтік және отбасылық өміріне тиетін зардаптар. // <http://www.altyn-orda.kz/kz/>

#### References

- 1 Mukhan I. Qazaq islam linin qashan qabyldagan? // <http://old.abai.kz/content/mykhan-isakhan/>
- 2 Nazarbaev N.A. Syndarly on jyl. – Almaty: Atamura, 2003. – 532 b.
- 3 Ibraev R. Destruktivti dini agymdardan adamnyn aleumettik jane otbasylyk omirine tietin zardaptar. // <http://www.altyn-orda.kz/kz/>